

АХМЕТОВА ҰЛЖАН РҮСТЕМБЕКҚЫЗЫНЫҢ ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТІНЕН ЖИНАҚТАЛҒАН ТӘЖІРИБЕСІ

*Ахметова Ұлжан Рүстембекқызы,
қосымша білім беру педагогы,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті,
Аудандық Оқушылар Үйінің «Драма» үйірмесінің жетекшісі*

Ахметова Ұлжан Рүстембекқызы 1958 жылы 31 қаңтарда Алматы облысы, Алакөл ауданы, Ұялы ауылында дүниеге келген. 1978 жылы Алматы қаласындағы М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік драма театры жанындағы театр студиясын актриса мамандығы бойынша бітірген. Қызылорда қаласындағы Н. Бекежанов атындағы қазақ драма театрында, Қазалы аудандық мәдениет Үйінде актриса, халық театрының режиссері болып қызмет атқарған. 1982 жылы ССРО Мәдениет Министрлігі және мәдениет қызметкерлері кәсіподағының Орталық Комитетінің «За достижения в самодеятельном творчестве» төсбелгісінің, 1987 жылы екінші Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің Лауреаты медалінің иегері. 1982 жылдан Қазалы аудандық Оқушылар Үйінде «Драма» үйірмесіне жетекшілік жасап келеді.

Өнердің қай түрі болмасын өмірді танытады, адамның ойын өрістетіп, сезімін сәулелендіреді. Осы тұрғыдан қарағанда сахна өнерінің жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы ерекше. Сахна өнерінің құдіреті арқылы оқушыны әдебиетпен жақындастыруды, талғамын тәрбиелеуді мақсат еткен Ұ.Р. Ахметова үйірме жұмыстарында ойдың маңыздылығы мен тереңдігіне, сөздің байсалдылығы мен байыптылығына, тілдің тазалығы мен байлығына терең мән береді. Үйірме сабақтары арқылы мектеп оқушыларына қосымша білім бере отырып, мәнерлеп оқу, сахнада ойнау, әдеби шығармашылыққа ынталандыру қабілеттерін дамыту жолында өзінің кәсіби шеберлігін аяңбай еңбек етіп келеді. Көптеген шәкірттері облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысып жүлдегер атанды. 2010 жылы Алматы қаласында өткен Республикалық «Жырлайды жүрек» атты М. Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқудан өткен байқауда «Көркем сөз» номинациясы бойынша Оразәлі Ақтөре Дипломант, 2013 жылы осы байқауда Оразғали Көркем I орынды иеленді.

2011 жылы Түркістан қаласында ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестігі ұйымдастырған «Тәуелсіздік – тірегім, теберігім» атты I Халықаралық балалар фестивалінде Сейілхан Назерке Лауреат, Қуантқан Ғалымбек III орынды жеңіп алды. Сондай-ақ, Халықаралық балалар фестиваліне

ерекше қолдау көрсетіп, қазақ өнерінің дамуына үлес қосқаны үшін «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің «Бейбітшілік әлемі» Алтын медалімен марапатталды. 2012 жылы «Бейбітшілік әлемі» байқауында Сейілхан Назерке II орын, Қуантқан Ғалымбек I орынды иеленді.

2013 жылы наурызда Астана қаласында өткен «Ақкөгершін» Халықаралық балалар байқауында Оразғали Көркем III орын, Сейілхан Назерке Дипломант атанды. Халықаралық «Ақкөгершін» конкурсына жүлдегерлер дайындағаны үшін Ұлжан Ахметова «Үздік педагог - Лучший педагог» Дипломымен марапатталды. Елбасы бастамасымен құрылған «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелері – жасұландықтармен бірлесіп, игілікті істерді ұйымдастыруда да Ұлжан Рүстембекқызы өз шеберлігін көрсетіп келеді.

Ұ.Р. Ахметова ұжымда кәсіподақ ұйымының төрайымы. Ұстаздықпен қатар, кәсіподақ мүшелерінің қызметін біріктіру және үйлестіру бағытындағы жұмыстары ескеріліп, Қазақстан салалық Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы Құрмет Грамотасы, Қызылорда облысының мәдениет, мұрағат және құжаттар басқармасы Алғыс Хатымен марапатталды.

АХМЕТОВА ҰЛЖАН РҮСТЕМБЕКҚЫЗЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ



Төлеген Нұрлыбек – Т. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясының музыкалық драма факультетін актер мамандығы бойынша бітірген. Астана қаласындағы балалар мен жасөспірімдер театрында актер болып жұмыс жасайды.



Оразәлі Ақтөре - Т. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясының музыкалық драма факультетінің студенті.

Тастан Нұрғиса - Т. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясының музыкалық драма факультетінің студенті

Сағынбекұлы Әділбек- Ақтөбе қаласындағы Жұбанов атындағы университетті информатика мамандығы бойынша бітіріп, Т. Ахтанов атындағы халық театрында актер болып жүр.

Жеңімпаздар

